Қазақ
كازاقية
01/78

Дәрет алудың, таяммумның және ғұсылдың сипаттамасы

2

Дәрет алудың сипаттамасы

Дәретке жүрекпен ниет етеді. Сосын: "БисмиЛлəh", - деп айтып, екі қолын білезікке дейін жуады.



1

Сосын оң уысымен суды алып, ауызын шаяды. Яғни ауызындағы суды ары-бері жүргізіп, ауызын шайып, сосын шығарып тастайды. Сосын мұрынға су алып, оны таңаумен бірге шаяды. Яғни суды мұрнынан сіңбіріп тастайды. Суды мұрнынан сіңбіргенде, сол қолының сұқ саусағы мен бас бармағын пайдаланады.



2

Сосын бетін ұзынынан бастың шаш басталатын жерінен бастап жақтары мен иегіне дейін , ал енінен екі құлақтың арасын қамтитын көлемде жуады.



3

Сосын екі қолын саусақтардың ұшынан бастап шынтақтарымен қоса жуады. Алдымен оң қолынан бастайды, сосын сол қолын жуады.



4

Сосын басының түгел барлығына масих тартады. Яғни екі қолымен бастың маңдай жағынан желкеге дейін, сосын тура дәл солай кері, яғни маңдайға қарай тартады.



5

Сосын екі сұқ саусағымен құлақтарының ішкі жағын, ал екі бас бармағыменен құлақтарының артқы жағын сүртеді.

6

Сосын екі аяғын тобықтарын қоса жуады.



7

- Шариғатта көрсетілгеннен артық мөлшердегі істердің үкімі :

Дәрет алуды шариғатта көрсетілгеннен артық мөлшерде істеуге, мысалы, мүшелерді үш реттен артық жууға, немесе қолды шынтақтан жоғары жууға, немесе аяқты тобықтан жоғары балтырға дейін жууға, немесе мойынға масих тартуға болмайды.

8

- Және дәрет алып болғаннан кейін мына дұғаны айту :

"أَشهَدُ أَنَّ لا إِلَهَ إِلّا اللهُ وَحدَهُ لا شَرِيكَ لَهُ ، وَأَشهَدُ أَنَّ مُحَمَّداً عَبدُهُ وَرَسُولُهُ: اللَّهُمَّ اجعَلنِي مِنَ التَّوَّابِينَ واجعَلنِي مِنَ المُتَطَهِّرِينَ"

Әшhаду ән лə иləhа иллə-Ллаhу уа әшhаду әннə Мухамман ғабдуhу уа расулуh,

Аллаhумма-жғəлни мина-т-тауабина уəжғəлни минə-л-мутатаhhирийн

9

- Дәретті бұзатын нәрселерге келесілер жатады :

1- Екі шығу орнынан зәр-несеп, қи және жел сияқты әлдебір нәрселердің шығуы.

2- Ұйқы немесе естен тану себебінен естің кетуі.

3- Түйенің етін жеу.

10

Таяммумның сипаттамасы

Таяммум - ол дәрет алынатын дене мүшелерін немесе олардың әлдебіреуін жуу судың жоқтығының немесе сумен жуу зиян тигізуі себебінен мүмкін болмаған жағдайларда сумен дәрет алудың орнына топырақпен тазалануды пайдалану.

1

Таяммумға ниет жүрекпен жасалады. Содан кейін адам: "Бисми-Ллəh", - деп айтып, екі алақанымен жердің бетіне бір рет соғады да, сосын екі алақанымен бетін және екі алақанының сыртқы жағын сүртеді.

2

Әрі екі алақанды топыраққа ұру кезінде саусақтардың арасын ашып ұстау шариғатта бекітілмеген. Тура сол сияқты, екі алақанын сүрткенде саусақтардың араларын сүрту де шариғатта бекітілмеген.



3

Уәжіп (міндетті) болған ғұсылдың сипаттамасы

Ғұсылға адам жүрегімен ниет етеді. Сосын: «Бисми-Ллəh», - деп іштен айтады. Сосын дененің барлық жеріне, жұқа шаш пен қалың шаштың түбіне дейін суды жеткізіп жуады, әрі сонымен қатар ауызбен мұрынды да шаяды.

1

- Ғұсыл алуды парыз ететін нәрселер :

1- Жүніп болу, әрі ол мәнидің шығуымен, әрі ол жыныстық қатынасқа түсумен де, түсусіз де болуы мүмкін, немесе екі жыныстық мүшенің бір біріне тиюі арқылы орын алады. 2- Етеккірдің немесе босанғаннан кейінгі қанның шығуы; 3- Шаhидтен басқа адамның өлімі; 4- Кәпірдің Исламды қабылдауы.

2

Дайындаған : доктор Хайсам Сархан, Пайғамбар мешітінің бұрыңғы ұстазы және "Сунна" институтының жетекшісі, mahadusunnah.com

Басып шығару және тарату құқықтары сақталған.
Аудару үшін sarhaan.com сайтына кіріңіз, немесе QR кодты қолданыңыз.